**«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы**

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік
(аудит жүргізілмеген)

*2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін*

## МАЗМҰНЫ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті шолып тексеру нәтижелері туралы есеп

**Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік (аудит жүргізілмеген)**

Қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есеп (аудит жүргізілмеген) ............ 1
Жиынтық кіріс туралы аралық шоғырландырылған есеп (аудит жүргізілмеген) ............ 2
Ақша қаражатының қозғалысы туралы аралық шоғырландырылған есеп (аудит жүргізілмеген) ............ 3
Капиталдағы өзгерістер туралы аралық шоғырландырылған есеп (аудит жүргізілмеген) ............ 4
Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке ескертпелер (аудит жүргізілмеген) ............ 5-14

EY
Building a better working world

«Эрнст энд Янг» ЖШС
Әл-Фараби д-лы, 77/7
«Есентай Тауэр» ғимараты
Алматы қ., 050060
Қазақстан Республикасы
Тел.: +7 727 258 5960
БСН 041140002277
www.ey.com

ТОО «Эрнст энд Янг»
пр. Аль-Фараби, 77/7
здание «Есентай Тауэр»
г. Алматы, 050060
Республика Казахстан
Тел.: +7 727 258 5960
БИН 041140002277

Ernst & Young LLP
Al-Farabi ave., 77/7
Esentai Tower
Almaty, 050060
Republic of Kazakhstan
Tel.: +7 727 258 5960
BIN 041140002277

# Аралық шоғырландырылған қаржылық ақпаратты шолып тексерудің нәтижелері жөніндегі есеп

«Өзенмұнайгаз» АҚ-ның Акционеріне, Директорлар кеңесі мен Басшылығына

***Кіріспе***

Біз «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның (бұдан әрі - «Топ») қоса беріліп отырған аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне шолып тексеруді жүргіздік, әрі ол 2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша қаржылық жағдай туралы аралық шоғырландырылған есептен, сондай-ақ көрсетілген күнге аяқталған алты ай үшін жиынтық кіріс туралы, ақша қаражатының қозғалысы туралы шоғырландырылған есептен және меншікті капиталдағы өзгерістер туралы тиісті аралық шоғырландырылған есептерден, сондай-ақ іріктелген түсіндірме ескертпелерден («аралық шоғырландырылған қаржылық ақпарат») тұрады. Топ басшылығы *«Аралық қаржылық есептілік» 34 (IAS)* Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес осы аралық шоғырландырылған қаржылық ақпаратты дайындау және оны шынайы етіп ұсыну үшін жауапкершілік көтереді. Біздің жауапкершілігіміз жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде осы аралық шоғырландырылған қаржылық ақпарат жөнінде тұжырымды қалыптастыру болып табылады.

***Шолып тексеру көлемі***

Біз шолып тексеруді 2410 *«Ұйымның тәуелсіз аудиторы орындайтын аралық қаржылық ақпаратты шолып тексеру»* шолып тексерулердің Халықаралық стандартына сәйкес жүргіздік. Аралық шоғырландырылған қаржылық ақпаратты шолып тексеруге ең алдымен қаржы мәселелері мен бухгалтерлік есеп мәселелеріне жауапты тұлғаларға сұратуларды жолдау, сондай-ақ шолып тексеруге жататын талдау және өзге де рәсімдерді қолдану кіреді. Шолып тексерудің көлемі Халықаралық аудит стандартына сәйкес жүргізілетін аудит көлемінен айтарлықтай аз болады және сондықтан шолып тексеру аудит процесінде анықталуы мүмкін барлық маңызды мәселелер бізге мәлім болатындығына сенімді болуымызға мүмкіндік бермейді. Тиісінше, біз аудиторлық пікірімізді білдірмейміз.



A member firm of Ernst & Young Global Limited

Building a better working world

***Тұжырым***

Жүргізілген шолып тексеруіміздің негізінде «Өзенмұнайгаз» АҚ-ның қоса беріліп отырған аралық шоғырландырылған қаржылық ақпараты барлық елеулі аспектілерде *«Аралық қаржылық есептілік»* 34 (IAS) Халықаралық қаржылық есептілік стандартына сәйкес дайындалмады деп пайымдауға болатындай негіздеме ретінде болуы мүмкін фактілер анықталмады.

**„Эрнст энд Янг" ЖШС**

Рустамжан Саттаров
«Эрнст энд Янг» ЖШС-тің
Аудитор / Бас директоры

Аудитордың 2012 жылғы 6 қантардағы
№ МФ-0000060 біліктілік куәлігі

Қазақстан Республикасының аумағында аудиторлы қызметпен айналысуға арналған мемлекеттік лицензия сериясы МФЮ - 2, № 0000003, Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігімен 2005 жылы 15 шілдеде берілді

050060, Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
Әль-Фараби даңғылы, 77/7, «Есентай Тауэр» ғимараты

2024 жылғы 5 тамыз



A member firm of Ernst & Young Global Limited

# ҚАРЖЫЛЫҚ ЖАҒДАЙ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (аудит жүргізілмеген)

**2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша**

| *Мың теңгемен* | Ескерт. | 2024 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген) | 2023 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|---|
| **Активтер** | | | |
| **Айналымнан тыс активтер** | | | |
| Негізгі құралдар | 4 | **682.726.575** | 635.165.717 |
| Материалдық емес активтер | | **1.403.554** | 1.510.751 |
| Айналымнан тыс қаржы активтері | 5 | **6.433.245** | 5.929.841 |
| Кейінге қалдырылған салық бойынша актив | | **5.990.427** | 3.465.768 |
| Айналымнан тыс активтер үшін төленген аванстар | 4 | **21.827.920** | 22.902.248 |
| **Айналымнан тыс активтер жиыны** | | **718.381.721** | 668.974.325 |
| | | | |
| **Айналымдағы активтер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлар | 6 | **24.459.649** | 26.730.073 |
| Салықтар бойынша алдын ала төлем және өтелуге ҚҚС | 7 | **26.678.768** | 37.857.197 |
| Корпоративтік табыс салығы бойынша алдын ала төлем | | **5.345.728** | 14.671.137 |
| Төленген аванстар және болашақ кезеңдердің шығыстары | | **35.340.794** | 25.555.769 |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешек | 5 | **78.979.060** | 74.952.183 |
| Ақша қаражаты мен оның баламалары | 5 | **24.791.824** | 12.509.197 |
| **Айналымдағы активтер жиыны** | | **195.595.823** | 192.275.556 |
| **Активтердің жиыны** | | **913.977.544** | 861.249.881 |
| | | | |
| **Капитал** | | | |
| Акционерлік капитал | 8 | **334.275.985** | 334.275.985 |
| Бөлінбеген пайда | | **341.033.691** | 328.570.154 |
| Бас ұйымның акционерлеріне келетін меншікті капитал | | **675.309.676** | 662.846.139 |
| Бақыламайтын қатысу үлесі | | **–** | (652.804) |
| **Капитал жиыны** | | **675.309.676** | 662.193.335 |
| | | | |
| **Міндеттемелер** | | | |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Резервтер | 9 | **46.371.518** | 44.583.251 |
| **Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны** | | **46.371.518** | 44.583.251 |
| | | | |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелер** | | | |
| Қарыздар | 10 | **47.074.450** | 24.109.775 |
| Төленуге жататын корпоративтік табыс салығы | | **579** | – |
| Резервтер | 9 | **4.599.340** | 5.862.730 |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық және төленуге жататын ренталық салық | | **43.249.577** | 38.565.824 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешек | | **97.372.404** | 85.934.966 |
| **Қысқа мерзімді міндеттемелердің жиыны** | | **192.296.350** | 154.473.295 |
| **Міндеттемелер жиыны** | | **238.667.868** | 199.056.546 |
| **Міндеттемелер мен капитал жиыны** | | **913.977.544** | 861.249.881 |

Бас директор — Ж.А. Саймағанбетов

Бас директордың орынбасары экономика және қаржы жөніндегі — К.Ж. Бермағанбетов

Бас бухгалтер — А.И.Успанова

*5-14 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# ЖИЫНТЫҚ КІРІС ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (аудит жүргізілмеген)

**2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін 2024 жылғы (аудит жүргізілмеген) | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін 2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|---|
| Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім | 10 | **427.324.697** | 379.493.572 |
| Өткізудің өзіндік құны | 12 | **(290.303.809)** | (245.903.950) |
| **Жалпы пайда** | | **137.020.888** | 133.589.622 |
| Өткізу шығыстары, жалпы және әкімшілік шығыстар | 13 | **(113.251.531)** | (104.752.083) |
| **Операциялық пайда** | | **23.769.357** | 28.837.539 |
| Қаржылық кіріс | | **785.167** | 893.411 |
| Қаржылық шығындар | | **(4.961.591)** | (2.021.856) |
| Ұзақ мерзімді активтердің құнсыздануы | 14 | **(5.512.158)** | – |
| Негізгі құралдарды шегеруден болған залал, нетто | | **463.370** | 51.900 |
| Бағамдық айырма, нетто | | **3.018.602** | (3.725.022) |
| **Салық салынғанға дейінгі пайда** | | **17.562.747** | 24.035.972 |
| Табыс салығы бойынша шығыстар | 15 | **(7.986.139)** | (6.579.484) |
| **Кезеңдегі пайда** | | **9.576.608** | 17.456.488 |
| Басқа да жиынтық кіріс | | **–** | – |
| **Кезеңде салықтарды шегергенде жиынтық кіріс жиыны** | | **9.576.608** | 17.456.488 |

Бас директор — Ж.А. Саймағанбетов

Бас директордың орынбасары экономика және қаржы жөніндегі — К.Ж.Бекмағанбетов

Бас бухгалтер — А.И.Успанова

*5-14 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АҚША ҚАРАЖАТЫНЫҢ ҚОЗҒАЛЫСЫ ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (аудит жүргізілмеген)

**2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

| *Мың теңгемен* | Ескер. | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін<br>2024 жыл (аудит жүргізілмеген) | <br>2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) |
|---|---|---|---|
| **Операциялық қызмет** | | | |
| Салық салынғанға дейінгі пайда | | **17.562.747** | 24.035.972 |
| **Салық салынғанға дейінгі пайданы таза ақша ағындарымен салыстыруға арналған түзетулер** | | | |
| Тозу, тауысылу және амортизация | 12, 13 | **47.754.665** | 35.087.576 |
| Негізгі құралдарды шегеруден болған залал, нетто | 4 | **(463.370)** | (51.900) |
| Бағамдық айырмадан іске асырылмаған кіріс | | **(142.983)** | 2.887.625 |
| Резервтердегі өзгеріс | | **(3.935.884)** | (1.768.020) |
| ҚҚЗ резервін есептеу | 5 | **149.485** | (490.659) |
| Басқа да түсімдер | | **157.127** | 422.126 |
| Қаржылық шығындар | | **4.961.591** | 2.021.857 |
| Қаржылық кіріс | | **(785.168)** | (893.412) |
| | | **65.258.210** | 61.251.165 |
| **Айналым капиталына түзетулер** | | | |
| Тауар-материалдық қорлардағы өзгеріс | | **2.270.211** | 1.268.861 |
| Салықтар бойынша алдын ала төлемдегі және өтелуге ҚҚС-тегі өзгеріс | | **11.071.534** | (8.607.906) |
| Төленген аванстар мен келешек кезеңдердің шығыстарындағы өзгеріс | | **(12.701.279)** | (5.124.655) |
| Сауда және басқа да дебиторлық берешектегі өзгерістер | | **14.918.100** | 48.428.174 |
| Сауда және басқа да кредиторлық берешектегі өзгерістер | | **4.495.263** | (28.434.792) |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықтың және төленуге жататын рента салығының өзгеруі | | **4.683.753** | (16.288.435) |
| | | **24.737.582** | (8.758.753) |
| Алынған сыйақы | | **593.562** | 693.805 |
| Төленген табыс салығы | | **(1.080.643)** | (9.483.857) |
| **Операциялық қызметтен болған таза ақша ағындары** | | **89.508.711** | 43.702.360 |
| **Инвестициялық қызмет** | | | |
| Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу | 4 | **(100.343.584)** | (118.278.193) |
| Мерзімді депозиттерді алу/(орналастыру), нетто | | **(734.340)** | (1.052.286) |
| **Инвестициялық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **(101.077.924)** | (119.330.479) |
| **Қаржылық қызмет** | | | |
| Қарыздар алу | 8 | **23.777.040** | – |
| Акционерге өзге де бөлу | 8 | **(57.169)** | (152.436) |
| **Қаржылық қызметте пайдаланылған таза ақша ағындары** | | **23.719.871** | (152.436) |
| **Ақша қаражаты мен оның баламаларының таза өзгеруі** | | **12.150.658** | (75.780.555) |
| Айырбастау бағамдары өзгерістерінің ақша қаражаты мен оның баламаларына әсері | | **142.982** | (2.887.623) |
| 1 қаңтарға ақша қаражаты мен оның баламалары | | **12.498.184** | 108.134.904 |
| **30 маусымға ақша қаражаты мен оның баламалары** | 6 | **24.791.824** | 29.466.726 |

Бас директор — Ж.А. Саймағанбетов

Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары — Қ.Ж. Бекмағанбетов

Бас бухгалтер — А.И.Успанова

*5-14 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# КАПИТАЛДАҒЫ ӨЗГЕРІСТЕР ТУРАЛЫ АРАЛЫҚ ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ЕСЕП (аудит жүргізілмеген)

**2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

| *Мың теңгемен* | Ескер. | Акционерлік капитал | Бөлінбеген пайда | Жиыны |
|---|---|---|---|---|
| **2023 жылғы 1 қаңтарға (аудит жүргізілген)** | | 334.275.985 | 307.246.042 | 641.522.027 |
| Кезеңдегі пайда | | – | 17.456.488 | 17.456.488 |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | | – | 17.456.488 | 17.456.488 |
| Акционерге өзге де бөлу | 8 | – | (31.081) | (31.081) |
| **2023 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | | **334.275.985** | **324.671.449** | **658.947.434** |
| **2024 жылғы 1 қаңтарға (аудит жүргізілген)** | | **334.275.985** | **327.917.349** | **662.193.334** |
| Кезеңдегі пайда | | – | **9.576.608** | **9.576.608** |
| **Жиынтық кіріс жиыны** | | – | **9.576.608** | **9.576.608** |
| Акционерге өзге де бөлу | 8 | – | **(9.208)** | **(9.208)** |
| Акционерден алынған қарыздар бойынша дисконт | 10 | – | **3.548.942** | **3.548.942** |
| **2024 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | | **334.275.985** | **341.033.691** | **675.309.676** |

Бас директор — Ж.А. Саймағанбетов

Бас директордың орынбасары экономика және қаржы жөніндегі — К.Ж.Бекмағанбетов

Бас бухгалтер — А.И.Успанова

*5-14 бет аралығындағы түсіндірме ескертпелер осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептіліктің (аудит жүргізілмеген) ажырамас бөлігі болып табылады.*

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР

**2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін**

## 1. КОМПАНИЯ ТУРАЛЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚЫЗМЕТТІҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ

«Өзенмұнайгаз» акционерлік қоғамы (бұдан әрі мәтін бойынша – «Компания») Қазақстан Республикасында 2012 жылғы 25 ақпанда «ҚазМұнайГаз» Барлау Өндіру» акционерлік қоғамының (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ» немесе «Бас компания») Директорлар кеңесінің ҚМГ БӨ өндірістік филиалдарының негізінде жаңа еншілес ұйымдарды құру туралы шешімін іске асыру нәтижесінде құрылды. Компания өзінің өндірістік қызметін ҚМГ БӨ-ден көмірсутек шикізатын өндіруге және барлауға арналған келісімшарт бойынша жер қойнауын пайдалану құқығын, сондай-ақ «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалының активтері мен міндеттемелерін алғаннан кейін 2012 жылғы 1 шілдеден бастады.

Компания көмірсутекті шикізатты сатып алумен, барлаумен, әзірлеумен, өндірумен, қайта өңдеумен және экспортымен айналысады. Компанияның негізгі операциялық мұнай-газ қызметі Батыс Қазақстанның Маңғыстау облысында орналасқан мұнай-газ активтерінде жүзеге асырылады. Компания мұнай және газ кен орындарын жер қойнауын пайдалануға арналған мынадай келісімшарттар бойынша игеруді жүзеге асырады: № 40 келісімшарт (Өзен және Қарамандыбас мұнай кен орны), № 65 келісімшарт (Ақтас газ кен орны), № 66 келісімшарт (Тасболат газ кен орны), № 67 келісімшарт (Қарамандыбас газ кен орны), № 68 келісімшарт (Батыс Теңге газ кен орны), № 69 келісімшарт (Оңтүстік Жетібай). 2015 жылғы 9 шілдеде Компанияның мұнай өндіруге лицензиясы 2036 жылға дейін ұзартылды.

ҚМГ БӨ Компанияның жалғыз тікелей акционері болып табылады. ҚМГ БӨ-нің негізгі тікелей акционері Қазақстанның мұнай-газ өнеркәсібінде мемлекеттік мүдделерді білдіретін «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы» АҚ (бұдан әрі мәтін бойынша - «ҚМГ ҰК») болып табылады. 2024 жылғы 30 маусымға ҚМГ ҰК акцияларының 67,42%-ы «Самұрық – Қазына» Ұлттық әл-ауқат қоры» АҚ (бұдан әрі - «Самұрық – Қазына»), акциялардың 20%-ы Қазақстан Республикасы Қаржы Министрлігіне, акциялардың 9,58%-ы «Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» Республикалық мемлекеттік мекемесіне тиесілі және акциялардың 3%-ы AIX және KASE қор биржаларында еркін айналымда болады. Қазақстан Республикасының Үкіметі Самұрық-Қазынаның жалғыз акционері болып табылады. 2018 жылғы 24 тамыздан бастап ҚМГ ҰК Компания акцияларының 100%-ын сенімгерлік басқарушы болып табылады.

2023 жылы ҚМГ ҰК «Өзенмұнайгаз» АҚ пайдасына «Ak Su KMG» ЖШС жарғылық капиталындағы қатысу үлесінің 98% иеліктен шығарды, бұл жалпы бақылаудағы бизнестің бірлесуі болып табылады және 2022 жылғы 1 қаңтардан бастап ретроспективті түрде танылады.

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке Компанияның және оның еншілес ұйымының, бірлесіп «Топ» деп аталады, қаржылық есептіліктері кіреді.

| | | Қатысу үлесі | |
|---|---|---|---|
| **Ұйым** | **Негізгі қызметі** | **2024 жылғы 30 маусым** | 2023 жылғы 31 желтоқсан |
| «Ak Su KMG» ЖШС | Маңғыстау облысында теңіз суы мен жеткізуші инфрақұрылымды тұщыландыру зауытының құрылысын ұйымдастыру және оны пайдалану | **98%** | 98% |

Топтың 2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты ай үшін аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігін шығаруға Бас директор, Бас директордың экономика және қаржы жөніндегі орынбасары мен Бас бухгалтер 2024 жылғы 5 тамызда бекітті.

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ

2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік *«Аралық қаржылық есептілік»34 ХҚЕС-ке (IAS)* сәйкес дайындалды. Топ осы қаржылық есептілікті қызметтің үздіксіздігі туралы болжамға сүйене отырып дайындады. Топ басшылығы бұл жорамалға қатысты елеулі күмән тудыруы мүмкін айтарлықтай белгісіздіктер жоқ деп есептейді. Топтың пайымдауынша, Топтың таяу болашақта және есепті кезең аяқталған күннен кейін кем дегенде 12 ай ішінде операциялық қызметті жалғастыру үшін жеткілікті ресурстары бар деп негізді түрде күтуге болады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 2. ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІКТІ ДАЙЫНДАУ НЕГІЗІ (жалғасы)

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікке жылдық қаржылық есептілікте ашылып көрсетілуі тиіс барлық мәліметтер мен деректер кірмейді және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігімен бірге қарастырылуы тиіс. Осы аралық қысқартылған қаржылық есептіліктегі барлық мәндер, егер өзгесі көрсетілмесе, мыңға дейін дөңгелектенген.

**Шетел валютасын қайта есептеу**

Осы аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілік Компанияның және оның еншілес ұйымының қаржылық есептілігінің функционалдық валютасы мен оны білдіру валютасы болып табылатын қазақстандық теңгемен (бұдан әрі мәтін бойынша - «теңге») білдірілген. Теңге Компания және оның еншілес ұйымы қызметін атқаратын негізгі экономикалық ортаның валютасы болып табылады. Топтың әр компаниясы өзінің жеке функционалды валютасын айқындайды және әрбір компанияның қаржылық есептілігіне қосылған баптар осы функционалдық валютада бағаланып отырады.

Шетел валюталарындағы операциялар бастапқыда операцияның жасалу күніне қолданылатын бағам бойынша функционалдық валютада ескеріледі. Шетел валютасында көрсетілген ақшалай активтер мен міндеттемелер есепті күнге қолданылатын функционалды валютаның бағамы бойынша қайта есептеледі. Барлық бағамдық айырмалар жиынтық кіріс туралы аралық қысқартылған шоғырландырылған есепке қосылады.

*Валюта айырбастау бағамдары*

2024 жылдың 30 маусымына және 2023 жылдың 31 желтоқсанына теңгенің АҚШ долларына ресми бағамы 1 АҚШ доллары үшін тиісінше 471,46 және 454,56 теңгені құрады. Сомалардың теңгеге, АҚШ долларына немесе өзге де тұрақты валютаға кез келген қайта есептеулері теңгемен мұндай сомалар айырбасталды, келешекте көрсетілген айырбастау бағамдары бойынша немесе өзге де айырбастау бағамдары бойынша тұрақты валютаға айырбасталуы мүмкін немесе айырбасталады деген пайымдау ретінде талқыланбауы тиіс.

## 3. ЕСЕП САЯСАТЫНЫҢ МАҢЫЗДЫ АСПЕКТІЛЕРІНЕ ШОЛУ

Аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілікті дайындау кезінде қабылданған есеп саясаты, 2024 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енген жаңадан қабылданған жаңа стандарттарды қоспағанда, 2023 жылдың 31 желтоқсанында аяқталған жыл үшін Топтың жылдық шоғырландырылған қаржылық есептілігін жасау кезінде қолданылған саясатқа сәйкес келеді. Топ шығарылған, бірақ әлі күшіне енбеген қандай да бір басқа стандарттарды, түсіндірмелерді немесе түзетулерді мерзімінен бұрын қолданған жоқ.

2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда Топ алғаш рет төменде келтірілген түзетулер мен түсіндірулерді қолданды. Бұл түзетулер оның аралық қысқартылған шоғырландырылған қаржылық есептілігіне әсерін тигізбеді.

- 17 ХҚЕС (IFRS) *«Сақтандыру шарттары»*;
- *«Бухгалтерлік бағалауды анықтау»* - 8 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер;
- *«Есеп саясаты туралы ақпаратты ашу»* – 1 ХҚЕС-ке (IAS) және ХҚЕС бойынша № 2 Практикалық ұсынымдарға түзетулер;
- *«Бір операцияның нәтижесінде туындайтын активтер мен міндеттемелерге байланысты кейінге қалдырылған салық»* - 12 ХҚЕС-ке (IAS) түзетулер.

## 4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ АЙНАЛЫМНАН ТЫС АКТИВТЕР ҮШІН ТӨЛЕНГЕН АВАНСТАР

2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда негізгі құралдардың түсімі 115.266.688 мың теңгені құрады, оның ішінде аяқталмаған күрделі құрылыстың түсімі 114.509.271 мың теңге, мұнай-газ активтері 747.803 мың теңге және өзге активтер 9.615 мың теңге (2023 жылғы 30 маусымға: 99.492.490 мың теңге).

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың 21.827.920 мың теңге мөлшерінде (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 22.902.248 мың теңге) айналымнан тыс активтер үшін төленген авансы бар, олардың 13.366.437 мың теңгесі (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 11.042.711 мың теңге) ұңғымаларды бұрғылау және жайғастыру үшін.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 4. НЕГІЗГІ ҚҰРАЛДАР ЖӘНЕ АЙНАЛЫМНАН ТЫС АКТИВТЕР ҮШІН ТӨЛЕНГЕН АВАНСТАР (жалғасы)

2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда Топ 47.754.665 мың теңге мөлшерінде негізгі құралдардың амортизациясын есептеді (2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 34.962.096 мың теңге).

2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда есептен шығарылған негізгі құралдардың қалдық құны 389.530 мың теңге болды, бұл ретте есептен шығудан болған таза кіріс 463.370 мың теңге болды (2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 1.233.378 мың теңге және активтерді есептен шығудан болған таза залал тиісінше 51.900 мың теңге).

## 5. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ

### Сауда және басқа да дебиторлық берешек

| *Мың теңгемен* | 2024 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген) | 2023 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Сауда дебиторлық берешек | **78.802.889** | 74.901.353 |
| Басқасы | **2.635.492** | 2.481.016 |
| | **81.438.381** | 77.382.369 |
| Минусы: күтілетін кредиттік зияндарды бағалау резерві | **(2.459.321)** | (2.430.186) |
| | **78.979.060** | 74.952.183 |

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша Топтың сауда дебиторлық берешегіне 53.130.062 мың теңге сомада (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 33.246.687 мың теңге) ҚМГ ҰК еншілес ұйымы «KazMunayGas Trading AG» («KMG Trading») шикі мұнайын өткізуден болған берешек жатады. Сауда дебиторлық берешек сондай-ақ шикі мұнайды ішкі нарыққа өткізгені үшін 25.525.103 мың теңге мөлшерінде ҚМГ ҰК берешегін қамтиды (2023 жылғы 31 желтоқсанға: 41.315.527 мың теңге).

2024 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда Топта 39.436 мың теңге сомаға (2023 жылғы 30 маусымда аяқталған алты айда: 490.659 мың теңге) сауда дебиторлық берешек бойынша күтілетін кредиттік зияндарға қосымша бағалау резерві қалпына келтірілді.

### Ақша қаражаты мен оның баламалары

| *Мың теңгемен* | 2024 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген) | 2023 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| АҚШ долларында білдірілген банктердегі мерзімді салымдар | **18.831.676** | 6.485.552 |
| Банктердегі теңгемен көрсетілген мерзімді салымдар | **5.226.842** | 5.465.202 |
| Банктердегі теңгемен көрсетілген қаражат | **732.488** | 558.443 |
| Банктерде АҚШ долларында білдірілген қаражат | **818** | – |
| | **24.791.824** | 12.509.197 |

Банктердегі ақша қаражаты бойынша депозиттердің күн сайынғы банк мөлшерлемелеріне тәуелді болатын сыйақы мөлшерлемесі белгіленген. Банк депозиттері түрлі мерзімдерге Топтың тарату активтеріндегі мұқтаждығына қарай (бір күннен үш айға дейін) орналастырылады.

2024 жылғы 30 маусымға теңгемен салымдар бойынша орташа алынған сыйақы мөлшерлемесі 14,30% (2023 жылы: 15,75%), АҚШ долларындағы салымдар бойынша 3,25% болды (2023 жылы: 3,25%).

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 5. ҚАРЖЫ АКТИВТЕРІ (жалғасы)

**Айналымнан тыс қаржы активтері**

Ұзақ мерзімді қаржы активтері жер қойнауын пайдалану келісімшарттарының қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін соларға сәйкес ашылған тарату қоры бойынша салымдарды құрайды.

| *Мың теңгемен* | **2024 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | 2023 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Өтеуге дейін ұсталатын, АҚШ долларында білдірілген ұзақ мерзімді салымдар | **5.389.401** | – |
| Өтеуге дейін ұсталатын, теңгемен білдірілген ұзақ мерзімді салымдар | **1.043.844** | 5.929.841 |
| | **6.433.245** | 5.929.841 |

## 6. ҚОРЛАР

| *Мың теңгемен* | **2024 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | 2023 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Материалдар (өзіндік құны бойынша) | **14.090.610** | 14.767.827 |
| Шикі мұнай (өзіндік құнның ең азы және сатудың таза ықтимал бағасы бойынша) | **10.959.827** | 12.553.034 |
| Тауар-материалдық қорларды есептен шығару резерві | **(590.788)** | (590.788) |
| **Өзіндік құнның ең азы және сатудың таза ықтимал бағасы бойынша қорлардың жиыны** | **24.459.649** | 26.730.073 |

## 7. САЛЫҚТАР БОЙЫНША АЛДЫН АЛА ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ӨТЕЛУГЕ ҚҚС

| *Мың теңгемен* | **2024 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | 2023 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Экспорттық кеден бажы бойынша алдын ала төлем | **16.796.782** | 22.385.076 |
| Өтелуге жататын ҚҚС | **11.895.544** | 17.090.631 |
| Басқасы | **437.506** | 832.554 |
| Минусы: өтелуге жататын ҚҚС құнсыздану резерві | **(2.451.064)** | (2.451.064) |
| | **26.678.768** | 37.857.197 |

## 8. КАПИТАЛ

**Акционерге өзге де бөлу**

ҚР Үкіметінің 2021 жылғы 4 карашадағы № 784 қаулысымен бекітілген (ҚР Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 41 қаулысына сай өзгерістермен бірге) Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласының әлеуметтік-экономикалық дамуының 2021-2025 жылдарға арналған кешенді жоспарына сәйкес (бұдан әрі - КДЖ) Компанияға инфрақұрылымға инвестициялар, Жаңаөзен қаласының кейбір тұрғындарын көшіруді қаржыландыру және «Өзенинвест» МКК қызметін қаржыландыру бойынша белгілі бір міндеттемелер жүктелді. 2024 жылғы алты айдың ішінде Компания 57.169 мың теңге (2023 жылы: 152.436 мың теңге) сомаға міндеттемелерді төледі. Басшылық Компания қабылдаған барлық міндеттемелерге талдау жүргізіп, 2024 жылы КДЖ-ға сәйкес инвестициялармен байланысты 9.208 мың теңге сомасына шығындар акционермен жасалған операциялардың нәтижесі болып табылады және тиісінше 2024 жылы капитал арқылы танылуы тиіс (2023 жыл: 31.081 мың теңге) деген қорытындыға келді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 9. РЕЗЕРВТЕР

| *Мың теңгемен* | **2024 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | 2023 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| Активтердің шығуы бойынша міндеттемелер | **20.167.513** | 20.247.941 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар | **15.494.008** | 14.972.967 |
| Экологиялық міндеттеме | **15.237.163** | 15.152.899 |
| Салықтар және байланысты айыппұлдар мен өсімпұлдар | **72.174** | 72.174 |
| | **50.970.858** | 50.445.981 |
| Ұзақ мерзімді бөлік | **46.371.518** | 44.583.251 |
| Қысқа мерзімді бөлік | **4.599.340** | 5.862.730 |
| | **50.970.858** | 50.445.981 |

## 10. ҚАРЫЗ

2023 жылы Топ екі жыл ішінде бірнеше траншты игере отырып, Маңғыстау облысында теңіз суын тұщыландыру зауытын және жеткізуші инфрақұрылымды салуға 126.030.000 мың теңге сомасында Бас компаниядан қарыз алу шартын жасады. 2024 жылдың ішінде Топ 23.777.040 мың теңге алды. Қарыз бойынша пайыздық мөлшерлеме 0,01% құрады. Қарыз 2025 жылы толық сомада өтеледі, алайда Бас компанияның кез келген уақытта қарызды мерзімінен бұрын өтеуді талап етуге құқығы бар. Бастапқы тану күніне қарыздың әділ құны жылдық 19,10% дисконттау мөлшерлемесін пайдалана отырып күтілетін ақша ағындарының негізінде есептелді. 3.548.942 мың теңге мөлшерінде дисконт капиталда танылды.

2024 жыл үшін қарыздың қозғалысы келесі кестеде көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | |
|---|---|
| **1 қаңтарға арналған сальдо** | 24.109.775 |
| Қарыз алу | 23.777.040 |
| Дисконт амортизациясы | (812.365) |
| **30 маусымға арналған сальдо** | **47.074.450** |

## 11. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсім былайша көрсетілген:

| | **30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін** | |
|---|---|---|
| *Мың теңгемен* | **2024 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) |
| **Экспорт** | | |
| Шикі мұнай | **230.801.247** | 211.029.623 |
| Банк сапасы | **1.357.178** | 1.263.015 |
| **Ішкі нарық** | | |
| Шикі мұнай | **193.036.009** | 165.621.758 |
| Газ | **13.990** | 11.386 |
| Басқа да сату амалдары мен қызметтер | **2.116.273** | 1.568.489 |
| | **427.324.697** | 379.494.271 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 11. САТЫП АЛУШЫЛАРМЕН ЖАСАЛҒАН ШАРТТАР БОЙЫНША ТҮСІМ (жалғасы)

Сатып алушылармен жасалған шарттар бойынша түсімнің географиялық нарығы былайша көрсетілген:

| | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін | |
|---|---|---|
| | **2024 жылғы** | 2023 жылғы |
| *Мың теңгемен* | **(аудит жүргізілмеген)** | (аудит жүргізілмеген) |
| **Географиялық нарық** | | |
| Швейцария | **230.801.247** | 211.029.623 |
| Қазақстан | **196.523.450** | 168.464.648 |
| | **427.324.697** | 379.494.271 |

## 12. САТУДЫҢ ӨЗІНДІК ҚҰНЫ

Сатудың өзіндік құны былайша көрсетілген:

| | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін | |
|---|---|---|
| | **2024 жылғы** | 2023 жылғы |
| *Мың теңгемен* | **(аудит жүргізілмеген)** | (аудит жүргізілмеген) |
| Жұмыскерлерге сыйақылар | **108.464.779** | 94.150.923 |
| Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері | **52.035.321** | 46.006.176 |
| Тозу, тауысылу және амортизация | **47.607.442** | 35.014.955 |
| Пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салық | **32.802.745** | 30.832.827 |
| Материалдар мен қорлар | **17.429.846** | 16.103.538 |
| Электр энергиясы | **12.524.510** | 9.889.528 |
| Мүлікке салынатын салық | **4.004.773** | 4.066.175 |
| Көлік шығыстары | **3.516.614** | 3.083.679 |
| Экологиядық міндеттеме бойынша резервті есептеу | **812.976** | 331.931 |
| Басқа салықтар | **252.296** | 160.929 |
| Басқасы | **9.259.299** | 4.350.808 |
| | **288.710.601** | 243.991.468 |
| Мұнай қалдықтарының өзгеруі | **1.593.208** | 1.912.482 |
| | **290.303.809** | 245.903.950 |

## 13. ӨТКІЗУ ШЫҒЫСТАРЫ ЖӘНЕ ӘКІМШІЛІК ШЫҒЫСТАР

Өткізу шығыстары мен әкімшілік шығыстар былайша көрсетілген:

| | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін | |
|---|---|---|
| | **2024 жылғы** | 2023 жылғы |
| *Мың теңгемен* | **(аудит жүргізілмеген)** | (аудит жүргізілмеген) |
| Рента салығы | **39.581.886** | 38.992.756 |
| Экспорттық кеден бажы | **33.726.092** | 30.271.625 |
| Көлік шығыстары | **32.447.229** | 29.248.117 |
| Жұмыскерлерге сыйақылар | **4.954.096** | 4.361.636 |
| Жөндеу және қызмет көрсету қызметтері | **273.200** | 231.361 |
| Демеушілік | **151.131** | 518.519 |
| Тозу, тауысылу және амортизация | **147.223** | 117.143 |
| Кеңес беру және аудиторлық қызметтер | **72.059** | 72.621 |
| Басқа салықтар | **1.985** | 146.124 |
| Басқасы | **1.896.635** | 792.181 |
| | **113.251.536** | 104.752.083 |

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 14. ҰЗАҚ МЕРЗІМДІ АКТИВТЕРДІҢ ҚҰНСЫЗДАНУЫ

Топ Маңғыстау облысында теңіз суын тұщыландыру зауытын және жеткізуші инфрақұрылымды салумен байланысты активтердің құнсыздану мәніне талдау жүргізді.

Топ өтелетін құнды дисконтталған ақша ағындарының үлгісін пайдалана отырып есептеді. Дисконттау мөлшерлемесі тұщыландыру зауытының құрылысын жүргізетін еншілес ұйым - «Ak Su KMG» ЖШС капиталының салықтық орташа өлшенген құнынан кейін алынды. Жыл сайынғы негізде бекітілетін бизнес-жоспарлар ақпараттың негізгі дерек көзі болып табылады, өйткені олар техникалық суға күтілетін бағалар, сату көлемдері, кірістер, шығыстар және күрделі шығындар бойынша болжамдарды қамтиды.

Маңғыстау облысында теңіз суын тұщыландыру және жеткізуші инфрақұрылым бойынша зауыт құрылысы негізінен «Өзенмұнайгаз» АҚ-ны Компанияның өзінің операциялық қызметін жүзеге асыруы үшін техникалық сумен қамтамасыз ету үшін жүргізіледі. Топ осы құрылыстан оң ақша ағындарын алуды күтпейді. Осылайша, осы зауыттың құрылысына байланысты активтердің өтелетін құны теріс болып табылады, соның нәтижесінде 2024 жылы Топ зауыт құрылысына берілген аванстардың және тиісті негізгі құралдардың жалпы сомасы 5.512.158 мың теңге құнсыздануын мойындады.

## 15. ТАБЫС САЛЫҒЫ БОЙЫНША ШЫҒЫСТАР

Топ кезеңдегі табыс салығы бойынша шығыстарды бір жылғы күтілетін жиынтық пайдаға қатысты қолданылатын салық мөлшерлемесінің негізінде есептейді. Төменде жиынтық кіріс туралы шоғырландырылған есепте пайда салығы бойынша шығыстың негізгі құрамдастары көрсетілген:

| | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін | |
|---|---|---|
| | **2024 жылғы** | 2023 жылғы |
| *Мың теңгемен* | **(аудит жүргізілмеген)** | (аудит жүргізілген) |
| Ағымдағы корпоративтік табыс салығы бойынша шығыстар | **10.463.886** | 1.772.697 |
| Төлем көзінен ұсталатын салық | **46.912** | 46.408 |
| **Ағымдағы табыс салығы бойынша шығыстар** | **10.510.798** | 1.819.105 |
| Мерзімі ұзартылған корпоративтік табыс салығы бойынша шығыс /(үнемділік) | **(2.524.659)** | 4.760.379 |
| **Мерзімі ұзартылған табыс салығы бойынша үнемділік** | **7.986.139** | 4.760.379 |
| **Табыс салығы бойынша шығыстар** | **7.986.139** | 6.579.484 |

## 16. ҚАРЖЫ ҚҰРАЛДАРЫ

### Әділ құны

Сауда дебиторлық берешек, мерзімді депозиттер және сауда кредиторлық берешек сияқты қаржы құралдарының әділ құны шамамен олардың баланстық құнына тең.

2024 және 2023 жылдардың 30 маусымына Топтың 1-ші немесе 2-ші деңгейдегі қаржы құралдары ретінде жіктелген қаржы құралдары болмады.

## 17. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР

«Жалпы бақылаудағы ұйымдар» санатына ҚМГ ҰК бақылайтын ұйымдар кіреді. «Басқа да байланысты тараптар» санатына «Самұрық-Қазына» ҰӘҚ бақылайтын ұйымдар жатады.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 17. БАЙЛАНЫСТЫ ТАРАПТАРМЕН МӘМІЛЕЛЕР (жалғасы)

2024 және 2023 жылдардың 30 маусымында аяқталған алты айлық кезеңде байланысты тараптарға сатулар және сатып алулар былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | 30 маусымда аяқталған алты айлық кезең үшін | |
|---|---|---|
| | **2024 жылғы (аудит жүргізілмеген)** | 2023 жылғы (аудит жүргізілмеген) |
| **Тауарлар мен қызметтерді сату** | | |
| Жалпы бақылаудағы ұйымдар | **230.801.247** | 211.029.624 |
| ҚМГ ҰК | **193.005.120** | 165.611.360 |
| Сатылған мұнайға банк сапасы бойынша шығыстар (Бас компания) | **1.357.178** | 1.263.015 |
| **Тауарлар мен қызметтерді сатып алу** | | |
| Бас компания және ҚМГ ҰК | **9.030.887** | 3.995.778 |
| Жалпы бақылаудағы ұйымдар | **74.665.704** | 69.905.667 |
| Басқа да байланысты тараптар | **13.538.638** | 9.028.188 |
| **Жалақы және басқа да қысқа мерзімді төлемдер** | | |
| Директорлар кеңесінің мүшелері | **8.667** | 7.910 |
| Саны | **2** | 2 |
| Басқарма мүшелері | **167.021** | 171.890 |
| Саны | **9** | 9 |

2024 жылғы 30 маусымдағы және 2023 жылғы 31 желтоқсандағы жағдай бойынша байланысты тараптар бойынша есеп айырысулар сальдосы былайша көрсетілген:

| *Мың теңгемен* | **2024 жылғы 30 маусымға (аудит жүргізілмеген)** | 2023 жылғы 31 желтоқсанға (аудит жүргізілген) |
|---|---|---|
| **Сауда және басқа да дебиторлық берешек, келешек кезеңдер шығыстары** | | |
| Бас компания және ҚМГ ҰК | **25.488.623** | 41.315.527 |
| Жалпы бақылаудағы ұйымдар | **82.884.777** | 59.620.023 |
| Басқа да байланысты тараптар | **1.074.702** | 1.751.110 |
| **Сауда және басқа да кредиторлық берешек** | | |
| Бас компания және ҚМГ ҰК | **58.474.931** | 25.604.666 |
| Жалпы бақылаудағы ұйымдар | **22.258.454** | 24.340.100 |
| Басқа да байланысты тараптар | **512.191** | 1.424.745 |

## 18. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР

### Ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері

Қазақстанның үкіметі мұнай өндіруші компанияларды ішкі энергетикалық мұқтаждықтарды қамтамасыз ету мақсатында өндірілген шикі мұнайдың бір бөлігін ішкі нарыққа жеткізуге міндеттейді. Шикі мұнайды ішкі нарыққа жеткізу міндеттемелері шеңберінде Топ шикі мұнайды қазақстандық МӨЗ-де одан әрі өңдеу үшін ҚМГ ҰК сатады.

Егер Үкімет қазіргі уақытта Компания жеткізетін көлемнен асатын шикі мұнайдың қосымша көлемін жеткізуге міндеттеген жағдайда, мұндай жеткізілімдер нарықтық бағалар бойынша жеткізілімдерден басым болады және шикі мұнайды сатудан түсетін түсімнен әлде қайда аз түсімді өндіретін болады, бұл өз кезегінде Компания қызметіне, перспективасына, қаржылық жағдайына және қызмет нәтижелеріне елеулі және теріс әсерін тигізуі мүмкін.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 18. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

### Салық салу

Қазақстандық салық заңнамасы мен нормативтік-құқықтық актілері үздіксіз өзгерістер мен түрлі түсіндірмелердің нысаны болып табылады. Жергілікті, өңірлік және республикалық салық органдарының арасындағы пікірлерде болатын келіспеушіліктер сирек емес, оған коса ХҚЕС-тің түсімге, шығыстарға және қаржылық есептіліктің басқа да баптарына қатысты тәсілі жөніндегі пікір. Қазақстандық салық заңнамасын анықталған және расталған бұзушылықтары үшін қолданыстағы айыппұлдар мен өсімпұлдар режимі өз қатаңдығымен ерекшеленеді. Қазақстандық салық салу жүйесінің екіұштылығына орай салықтардың, айыппұл санкциялары мен өсімпұлдардың нақты сомасы, егер олар болса, қазіргі уақытқа дейін шығыстарға жатқызылған және 2024 жылдың 30 маусымына есептелген сомадан асып кетуі мүмкін.

Топ басшылығы оның салық заңнамасын түсіндіруі орынды болып табылады және Топтың салық позициясына қатысты жол берілетін негіздері бар деп есептейді.

### Экспорттық мәмілелер бойынша салық салу

«Трансферттік баға белгілеу туралы» ҚР Заңына сай халықаралық іскерлік операциялар, сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында тараптардың өзара қарым-қатынастарына немесе мәміле бағасының нарықтық бағадан ауытқу дәрежесіне қарамастан жасалған кейбір мәмілелер трансферттік баға белгілеу кезінде мемлекеттік бақылауға алынады. Нарықтық бағаны есептеу кезінде дифференциалды құрауыштар құжаттармен немесе ақпарат көздерімен расталуы тиіс.

### Экспорттық мәмілелер бойынша салық салу (жалғасы)

2024 жылғы алты айда, сондай-ақ өткен кезеңдерде, Топ ҚМГ ҰК тобына кіретін байланысты тараптардың атына мұнай өнімдерін экспорттады. «Трансферттік баға белгілеу туралы» ҚР Заңының талаптарына сәйкес уәкілетті органдардың мәмілеге қатысушылардан, мемлекеттік органдардан және үшінші тұлғалардан нарықтық баға мен дифференциалды анықтауға қажетті ақпаратты, сондай-ақ ТББ бойынша бақылау жасау үшін басқа да деректерді сұратуға құқығы бар.

2024 жылғы алты айда дифференциалдың мөлшерін растайтын экспорттық операциялар бойынша актілер мен шарттардың түпнұсқаларын қоса алғанда, барлық қажетті құжаттарды толық көлемде және «Трансферттік баға белгілеу туралы» ҚР Заңының қолданыстағы талаптарына сәйкес салықтық тексеру басталғанға дейін жинақтауды мұнайды өткізу агенті болып табылатын ҚМГ ҰК жүзеге асырады.

Компания басшылығы құжаттардың болмауы себебімен салық салу объектілерін түзетуге байланысты тиісті салық міндеттемелерін, өсімпұлдар мен әкімшілік айыппұлдарды қосымша есептеу тәуекелі елеусіз болып табылмайды деп есептейді.

### Өтелуге жататын ҚҚС

2024 жылғы 30 маусымдағы жағдай бойынша алты ай ішінде аяқталған тексеру актілері жоқ, бұл ретте 2024 жылдың бірінші жартыжылдығы ішінде 2022 жылдың 4 тоқсаны және 2023 жылдың 2 тоқсаны үшін тексеру актілері бойынша 6 261 600 мың теңге қайтарылды. (2023 жылы: 4.586.623 мың теңге қайтарылды).

### Экологиялық міндеттемелер

Қазақстанда қоршаған ортаны қорғау жөніндегі заңнама даму үдерісінде, сондықтан да тұрақты өзгерістерге ұшырады. Қоршаған ортаны қорғау саласындағы Қазақстан Республикасының заңнамасын бұзғаны үшін айыппұлдар елеулі болуы мүмкін. *9-ескертпеде* ашылып көрсетілген сомалардан басқа, басшылық Компанияның қаржылық жай-күйіне, жиынтық кіріс туралы есепке немесе ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке айтарлықтай әрі теріс әсер ете алатын ықтимал экологиялық міндеттемелер жоқ деп есептейді.

# АРАЛЫҚ ҚЫСҚАРТЫЛҒАН ШОҒЫРЛАНДЫРЫЛҒАН ҚАРЖЫЛЫҚ ЕСЕПТІЛІККЕ ЕСКЕРТПЕЛЕР (жалғасы)

## 18. ШАРТТЫҚ ЖӘНЕ ШАРТТЫ МІНДЕТТЕМЕЛЕР (жалғасы)

**Демеушілік**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2022 жылғы 2 ақпандағы № 41 қаулысымен бекітілген Жаңаөзен қаласын әлеуметтік-экономикалық дамытудың Кешенді жоспары шеңберінде қаржыландыру жөніндегі міндеттемелер болашақта пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша жеңілдіктер қолданылған кезде туындайды. Тиісінше, Компания басшылығы бұл міндеттемелер шартты міндеттемелер болып табылады және салық жеңілдіктерін алу кезеңінде есептелуге жатады деп санайды.

**Пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша жеңілдікті мөлшерлеме**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2019 жылғы 27 маусымдағы № 449 қаулысына сәйкес Компания Өзен кен орнының бір бөлігі бойынша мұнайдың сулануына байланысты пайдалы қазбаларды өндіру салығы бойынша 2,6% мөлшерінде жеңілдікті мөлшерлеме алды. Қаулыға сәйкес, жеңілдік мөлшерлемесі 2019 жылғы 1 қаңтардан бастап Өзен кен орны бөлігінде (14, 16, 17 горизонттар) қолданылады және келісімшарт мерзімінің соңына дейін қолданылады.

**Мұнай және газ кен орындарына арналған лицензиялар**

Топ жер қойнауын пайдалануға арналған лицензиялар мен тиісті келісімшарттардың талаптарын орындауға қатысты мемлекеттік органдардың тарапынан мерзімді тексерулердің объектісі болып табылады. Басшылық мұндай тексерулердің барысында анықталған мәселелерді шешуге қажетті түзету шараларын келісу бойынша мемлекеттік органдармен ынтымақтасады. Лицензияда қамтылған ережелерді орындамау айыппұлдарға, өсімпұлдарға, шектеуге, лицензияның тоқтата тұрылуына немесе қайтарылып алынуына әкеліп соқтыруы мүмкін.

Компанияның басшылығы келісімшарттардың немесе лицензиялардың талаптарын орындамауға қатысты кез келген мәселелер келіссөздер немесе түзеу шаралары арқылы шешіледі және Компанияның қаржылық жағдайына, жиынтық кіріс туралы есепке немесе ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке айтарлықтай әсерін тигізбейді. Компанияның мұнай мен газдың кен орындары Маңғыстау облыстық әкімшілігіне тиесілі жерде орналасқан. Лицензияларды Қазақстан Республикасының Энергетика министрлігі берді және Топ осы кен орындарында мұнай мен газды барлау және өндіру үшін пайдалы қазбаларды өндіруге салынатын салықты және үстеме пайдаға салынатын салықты төлейді.

2017 жылы Топ байланысты тарап «Қаз ГӨЗ» ЖШС-нен Ақтас, Тасболат, Қарамандыбас, Батыс теңге және Оңтүстік Жетібай газ кен орындарына жер қойнауын пайдалану құқығын сатып алды. Мерзімінің аяқталуына байланысты Өзен және Қарамандыбас кен орындарына іргелес аумақта көмірсутек шикізатын барлауды жүргізуге арналған № 3579 келісімшарт ҚР Энергетика министрлігіне қайтару сатысында тұр.

Компанияның негізгі лицензиялары мен олардың қолданылу мерзімдерінің аяқталатын күндері келесі кестеде көрсетілген:

| Кен орны | Келісімшарт | Қолданылу мерзімінің аяқталу күні |
|---|---|---|
| Өзен және Қарамандыбас | № 40 | 2036 жыл |
| Ақтас | № 65 | 2037 жыл |
| Тасболат | № 66 | 2037 жыл |
| Қарамандыбас | № 67 | 2037 жыл |
| Батыс Теңге | № 68 | 2037 жыл |
| Оңтүстік Жетібай | № 69 | 2031 жыл |

| Жыл | Күрделі шығыстар | Операциялық шығыстар |
|---|---|---|
| 2024 (қалдық сомасы) | 47.730.058 | 2.469.545 |
| 2025 | 118.826.463 | 2.777.404 |
| 2026 | 1.018.234 | 2.228.501 |
| 2027 | – | 2.281.641 |
| 2028-2036 | – | 9.536.906 |
| | **167.574.755** | **19.293.997** |